| | |
|---|---|
| **«СОГЛАСОВАНО»** | **«УТВЕРЖДАЮ»** |
| **Заведующая кафедрой** | **Проректор по воспитательной работе** |
| **«Ассамблея народа Казахстана»** | **СКГУ им. М. Козыбаева** |
| **СКГУ им. М. Козыбаева** | |
| **___________ Л. Гривенная** | **___________ М. Тайжанова** |
| **«___» ___________2016 г.** | **«___» ___________2016 г.** |

**ПОЛОЖЕНИЕ**
**о проведении конкурса «Лучший экскурсовод»**

**1. Общие положения**

1.1. Настоящее Положение определяет цель, задачи, порядок и условия проведения конкурса «Лучший экскурсовод» (далее - Конкурс).

1.2. Организаторами Конкурса является кафедры «Ассамблея народа Казахстана» и кафедра «Экономика, бухгалтерский учет и сервис» СКГУ им. М. Козыбаева

**2. Цель и задачи**

2.1. Цель: создание качественного продукта на рынке экскурсионного туризма, отвечающего современным требованиям и запросам потребителей в г. Петропавловск.

2.2. Задачи:

- привлечение интереса молодежи к истории и культуре родного города;
- популяризация профессии экскурсовода;
- поиск наиболее интересных идей экскурсионных программ;
- привлечение населения к посещению достопримечательностей г. Петропавловска.

**3. Участники Конкурса**

Участвовать в Конкурсе могут студенты высших учебных учреждений, учащиеся среднеспециальных заведений, учащиеся системы дополнительного образования, учащиеся общеобразовательных школ г. Петропавловска и СКО.

**4. Сроки и порядок проведения Конкурса**

4.1. Для участия в Конкурсе необходимо до **1 марта 2016 года** представить документы: заявку (Приложение 1) и пакет экскурсионных материалов.

4.2. Конкурс проводится в три этапа.

1 этап (**с 1 февраля по 1 марта 2016 г.**) – отбор членами жюри конкурса наиболее интересных и перспективных работ для дальнейшей защиты. Отбор осуществляется по результатам ознакомления членов жюри с текстами проектов.

2 этап (**29-31 марта 2016 г.**) – защита проектов участниками конкурса (представление концепции проекта, презентация экскурсии в форме слайдов, видео и т.д.).

3 этап (**с 15-17 апреля 2016 г.**) – проведение экскурсии.

4.3. Предоставляемый на конкурс материал возврату не подлежит.

4.4. Организаторы Конкурса оставляют за собой право вносить изменения в Положение о Конкурсе.

4.5. Итоги Конкурса будут опубликованы на официальном сайте СКГУ им. М. Козыбаева.

**5. Критерии оценки конкурсных работ:**

Оригинальность концепции и содержания экскурсии.

Соответствие содержания выбранной тематике.

Глубина раскрытия темы.

Достоверность и точность информации.

Логическая последовательность.

Новизна и актуальность тематики.

Наличие и качество дополнительных материалов.

Визуальная эстетичность маршрута экскурсии.

Соблюдение экскурсионной методики (сочетание показа с рассказом, логические переходы и т.д.).

Техника проведения экскурсии (коммуникативность, культура речи).

Формат подачи информации (оригинальность подачи информации).

Работа с портфелем гида.

**6. Требования к пакету документов конкурсной работы**

- краткое описание экскурсионного маршрута;
- индивидуальный текст экскурсии (формат А4, шрифт Times New Roman, размер 14 через 1 интервал);
- карта маршрута экскурсии;
- «портфель экскурсовода» (наглядные пособия, раздаточный материал и т.д.);
- электронная презентация экскурсии.

**6. Подведение итогов и награждение участников Конкурса**

6.1. Оценивает конкурсные работы Жюри, которое формируется из числа членов научно-методического объединения кафедры «Ассамблея народа Казахстана» и внешних организаций..

6.2. Результаты конкурса отражаются в Протоколе заседания Жюри и на сайте СКГУ им. М. Козыбаева.

6.3. Награждение победителей Конкурса осуществляют Организаторы Конкурса по представлению Жюри.

6.4. Победители Конкурса награждаются Дипломами конкурса. Лучшие работы будут опубликованы в сборнике методических материалов каф. АНК на базе ИПО и размещены на сайте СКГУ им. М. Козыбаева

6.5. О времени и месте награждения победителей будет сообщено дополнительно.

**7. Контактная информация**

СКО, г. Петропавловск, Пушкина, 86, кабинет 114а корпуса №2

Кафедра «Ассамблея народа Казахстана» СКГУ им. М. Козыбаева

8(7152) 49-40-74, 8(7152) 49-40-42 * (внутр.12-55)

Контактное лицо: зав. каф. АНК – Гривенная Людмила Александровна

с 9.00-13.00 и с 14.00-18.00

e-mail: angel-mila2009@mail.ru

Приложение 1

ЗАЯВКА
на участие в конкурсе «Лучший экскурсовод»

| | |
|---|---|
| 1.Фамилия, имя, отчество участника (ов) | |
| 2. Адрес | |
| 3. Место учебы (факультет, отделение, группа и т.д.) | |
| 4. Телефон | |
| 5. E-mail | |
| 6. Название экскурсии | |

Подпись: ________________/ _______________/
(Ф.И.О.)

Дата ____________

«КЕЛІСІЛДІ»
М.Қозыбаев атындағы СҚМУ
«Қазақстан халқы Ассамблеясы»
кафедрасының меңгерушісі

_____________ Л. Гривенная
«_19_» ____________2016 ж.

«БЕКІТЕМІН»
М.Қозыбаев атындағы СҚМУ
тәрбие ісі жөніндегі проректоры

_____________ М. Тайжанова
«____»______________2016 ж.

## «Үздік саяхат жүргізуші» байқауының өткізілуі туралы ЕРЕЖЕ

**1. Жалпы ережелер**

1.1. Осы Ереже «Үздік саяхат жүргізуші» (бұдан әрі – Байқау) байқауын өткізудің мақсаттарын, міндеттерін, тәртібі мен шарттарын анықтайды.

1.2. Байқаудың ұйымдастырушылары М.Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың «Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасы мен «Экономика, бухгалтерлік есеп және сервис» кафедрасы болып табылады.

**2. Мақсаты мен міндеттері**

2.1. Мақсаты: саяхаттау туризмі нарығында заманауи талаптар мен Петропавл қ. тұтынушыларының сұраныстарына жауап беретін сапалы өнім әзірлеу.

2.2. Міндеттері:

- туған қаласының тарихына және мәдениетіне деген жастардың қызығушылығын тәрбиелеу;
- саяхат жүргізуші кәсібін дәріптеу;
- экскурсиялық бағдарламалардың анағұрлым қызықты бастамаларын іздестіру;
- тұрғындардың Петропавл қ. көрнекті жерлеріне баруға қызығушылығын тудыру.

**3. Байқауға Қатысушылар**

Байқауға жоғары оқу орындарының студенттері, орта арнаулы оқу орындарының, қосымша білім беру жүйесінің, Петропавл қ. мен СҚО жалпы білім беретін мектептерінің оқушылары қатыса алады.

**4. Байқаудың өткізілу мерзімі және тәртібі**

4.1. Байқауға қатысу үшін **2016 жылдың 1 наурызына** дейін төмендегідей құжаттарды ұсыну қажет: тапсырыс (1 қосымша) және экскурсиялық материалдар пакеті.

4.2. Байқау үш кезеңмен өткізіледі.

1 кезең (**2016 жылдың 1 ақпанынан 1 наурызына дейін**) – қазылар алқасы мүшелерінің членов жюри с текстами проектов.

2 кезең (**29-31 наурыз 2016 ж.**) – байқауға қатысушылардың жобаларды қорғауы (жоба тұжырымдамасын ұсыну, слайд, бейнефильм және т.б. түріндегі саяхаттың тұсаукесері).

3 кезең (**15-17 сәуір 2016 ж.**) – экскурсияны жүргізу.

4.3. Байқауға ұсынылатын материалдар қайтарылмайды.

4.4. Байқау ұйымдастырушылары өз тарапына Байқау Ережесіне өзгеріс енгізу құқығын қалдырады.

4.5. Байқау қорытындылары М.Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың ресми сайтында жарияланатын болады.

**5. Байқауға ұсынылатын жұмыстарды бағалау талаптары:**

Тұжырымдаманың бірегейлігі мен экскурсияның мазмұны.

Мазмұнының таңдалып алынған тақырыпқа сәйкес келуі.

Тақырыптың ашылуының тереңдігі.

Ақпараттың дәлдігі мен нақтылығы.

Логикалық тұрғыдағы бірізділігі.

Тақырыптың жаңалығы мен өзектілігі.

Қосымша материалдардың болуы және олардың сапасы.

Экскурсия бағытының көзбен шолғандағы әсемдігі.

Саяхат жасау әдістемесінің сақталуы (көрсетілімнің баяндамамен үйлесімі, логикалық тұрғыдағы ауысымдары және т.б.).

Экскурсияны жүргізу техникасы (қарым-қатынас, сөйлеу мәдениеті).

Ақпаратты ұсыну форматы (ақпаратты ұсынудың бірегейлілігі).

Жолнұсқаушының портфелімен жұмыс.

**6. Байқаужұмысының құжаттар пакетіне қойылатын талаптар**

- саяхат бағытының қысқаша сипаты;
- саяхаттың жеке мәтіні (А4 форматта, шрифт Times New Roman, көлемі 1 интервал арқылы 14);
- саяхат бағытының картасы;
- «саяхат жүргізушінің портфелі» (көрнекі құралдары, тарату материалдары және т.б.);
- саяхаттың электронды презентациясы.

**6. Байқау қорытындысын шығару және қатысушыларды марапаттау**

6.1. Байқауға ұсынылатын жұмыстарды «Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасы ғылыми-әдістемелік бірлестігі мүшелері мен сыртқы ұйымдардың өкілдерінен қалыптастырылған Қазылар алқасы бағалайды.

6.2. Байқау нәтижелері Қазылар алқасы отырысының хаттамасы мен М.Қозыбаев атындағы СҚМУ сайтында көрініс табады.

6.3. Байқау жеңімпаздарын марапаттауды Қазылар алқасының ұсынысымен Байқауды Ұйымдастырушылар жүзеге асыратын болады.

6.4. Байқау жеңімпаздары байқау Дипломдарымен марапатталады. Үздік жұмыстар ҚХА кафедрасының әдістемелік материалдары жинағында жарияланып, М.Қозыбаев атындағы СҚМУ сайтында орналастырылатын болады.

6.5. Жеңімпаздарды марапаттау орны мен уақыты жөнінде қосымша хабарланатын болады.

**7. Байланыс жайлы ақпарат**

СҚО, Петропавл қ., Пушкин көш., 86, №2 корпустың 114а кабинеті

М.Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың «Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасы

8(7152) 49-40-74, 8(7152) 49-40-42 * (ішкі12-55)

Байланысушы тұлға: ҚХА каф. меңгерушісі – Гривенная Людмила Александровна

с 9.00-13.00 и с 14.00-18.00

e-mail: angel-mila2009@mail.ru

1 қосымша

«Үздік саяхат жүргізуші» байқауға қатысуға

ТАПСЫРЫС

| | |
|---|---|
| 1.Қатысушының (-лардың) тегі, аты-жөні | |
| 2. Мекен-жайы | |
| 3. Оқу орны (факультеті, бөлімі, тобы және т.б.) | |
| 4. Телефоны | |
| 5. E-mail | |
| 6. Саяхаттың атауы | |

Қолы: ____________/ ______________________/

(тегі, аты-жөні)

Күні ______________________